

**2024-2038 жылдарға арналған «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
жаңғырту, кеңейту, қайта құру және (немесе) жаңарту жөніндегі
инвестициялық бағдарламасын іске асыру жөніндегі
«№3 ст. энергоблоқты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта
құру» жобасы бойынша жария тыңдаулардың
2026 жылғы 15.07.
№8 ХАТТАМАСЫ**

Толық атауы: «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жаңғырту, кеңейту, рқайта құру және (немесе) жаңарту жөніндегі 2024-2038 жылдарға арналған «№3 ст. энергоблоқты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша инвестициялық бағдарламасын іске асыру.

Өтетін орны (мекенжайы): Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Солнечный поселкесі, «ЕГРЭС-2ст.» АҚ (ӨТК ғимаратының конференц-залы).

Ұйымдастырушы туралы ақпарат: «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ.

Жарияланған ақпаратта қамтылған ақпарат қоғамдық тыңдаулардың басталуы туралы ескерту:

ҚР Энергетика министрлігімен 12.09.2024 жылы жасалған 2024-2038 жылдарға арналған «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған №41 инвестициялық келісімнің 3-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 15 шілдеде сағат 15.00-де өтетін «№3 ст. энергоблоқты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» инвестициялық жобасын дайындау және іске асыру жоспары-кестесін орындау бойынша жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлаймыз, өткізілетін орны: «ЕГРЭС-2ст.» АҚ, ӨТК ғимараты, конференц-залы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

- 1) Екібастұз қаласының әкімдігі: тыңдауларға төрағалық ету үшін жауапты өкіл тағайындасын және жіберсін;
- 2) қалған жергілікті мемлекеттік органдар (тарату тізімі бойынша): тыңдауларға қатысу үшін жауапты өкіл жіберсін.

Төменде бейнеконференция арқылы тыңдауға қосылу үшін ZOOM платформасындағы сілтеме берілген.

<https://us06web.zoom.us/j/89084986506>

Конференция сәйкестендіргіші : 890 8498 6506

Код: 116635

Қоғамдық тыңдаудың басталуы туралы ескерту жарияланды:
02.07.2026 ж. шығ.№ 0065-2280 хаты барлық мүдделі тұлғаларға тізім бойынша:

1. Екібастұз қаласының әкімі - А.У. Бейсекин;
2. Солнечный поселкесінің әкімі- А.К. Турлыбеков;

3. «Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы - М.С. Шоканов;
4. «Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ басшысы - Л. Р. Курманова;
5. «Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы-Е. Б. Иманзайыпов;
6. ҚР Энергетика министрлігі Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры – А.Б.Мусин.
7. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» нарық кеңесі хатшылығының басшысы-Т.К. Темірханов;
8. «Екібастұз дауысы ақпараттық орталығы» ЖШС басшысы-А.З. Мейрамова.

Қатысқандар: жария тыңдауларға қатысушылардың барлығы 8 адам. (Жобаны қарауға қатысқан жария тыңдауларға қатысушылардың тізбесі осы хаттамаға қоса беріледі).

Төрағалық етуші: Медет Серікбайұлы Шоқанов – «Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы.

Баяндамашы: Бақтияр Нұржанұлы Әубәкіров – «ЕГРЭС-2ст.» АҚ Басқарма Төрағасының Инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары

Хатшы: Урпекбаев Ж.Т. – «ЕГРЭС-2ст.» АҚ жобаларды басқару бөлімінің жетекші инженері.

ТЫНДАЛДЫ:

Қазақстанның қуат тапшылығын жабу мәселесін шешу үшін Екібастұз ГРЭС-2 қуаты 550 МВт болатын 3-ші энергоблокты салу бойынша инвестициялық жоба іске асырылуда.

Жоспар-кестенің 1-тармағы. ЕРС-келісімшарт жасасу (орындалды).

2025 жылғы 30 мамырда №3 және №4 энергоблоктарын жобалауға, жеткізуге және салуға «KBI Energy Group» ЖШС (Басқарушы қатысушы), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС және «Энерго арнайы Строй» ЖШС құрамындағы консорциуммен №1119402/2025/1 ЕРС-шарт жасалды.

Жоспар-кестенің 2-тармағы. Кредиттік келісім жасау (қаржыландыруды қамтамасыз ету - орындалды).

2025 жылғы мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ акционерлерінен «ЕГРЭС-2ст.» АҚ облигациялық бағдарламасын шығару үшін барлық қажетті корпоративтік мақұлдаулар алынды. Осы бағдарлама бойынша пайда алушы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

2025 жылғы маусым мен қыркүйекте 3- энергоблокты салуға арналған БНАЖ-келісімшарт бойынша алдын ала төлемдер жүргізілді.

Тартылған қаражат ЖСҚ әзірлеуді қаржыландыруға және №3

энергоблоктың негізгі жабдықтарын дайындауға аванс беруге бағытталған.

Жоспар-кестенің 3-тармағы. Жоба сатысының ЖСҚ әзірлеу (орындалды).

2025 жылғы желтоқсанда «Ж» сатысының ЖСҚ әзірлеу аяқталды және оны «Мемлекеттік сараптама» РМК қорытындысын алу үшін Жобаларды (epsd.kz) кешенді сараптаудың бірыңғай порталына жүктеу жүзеге асырылды.

2026 жылғы 03 сәуірде сметалық құжаттаманы қосымша техникалық түзету қажеттілігіне және сараптама жүргізу қағидаларында белгіленген оны ұсынудың регламенттік мерзімдерінің бұзылуына байланысты «Мемсараптама» РМК теріс қорытындысы алынды. Бұл ретте ЖСҚ ның барлық басқа бөлімдері келісілді

2026 жылғы 10 сәуірде құжаттаманы «Мемсараптама» РМК порталына қайта жүктеу жүзеге асырылды.

2026 жылғы 02 шілдеде «Мемсараптама» РМК №01-1086/26 «Ж» сатысындағы ЖСҚ-дан оң қорытынды алынды.

2026 жылғы 09 шілдеде «ЕГРЭС-2ст.» АҚ Басқарма төрағасының №798 бұйрығымен «Ж» сатысының ЖСҚ бекітілді.

Жоспар-кестенің 4-тармағы. Құрылысқа рұқсат алу (орындау сатысында).

2025 жылғы 21 қарашада «ЕГРЭС-2ст.» АҚ мен «VENI.KZ» ЖШС арасында Жобаны іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтерге шарт жасалды.

2026 жылғы 09 шілдеде МСҚБ-ға құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау туралы талон алуға өтініш берілді. 3 - энергоблоктың құрылысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонды алу - хабарлама берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде.

Жоспар-кестенің 5-тармағы. «Жұмыс құжаттамасы» сатысының ЖСҚ әзірлеу (жоспарлы орындау мерзімі келген жоқ).

Жоспар-кестенің 6-тармағы. Жабдықтарды жеткізу (орындау сатысында).

2025 жылғы 16 шілдеде қазандықты дайындауға арналған шартқа қол қойылды («ЗиО-Подольск» АҚ). Жабдықтарды жеткізу мерзімі - 2027 жылдың шілде айына дейін.

2025 жылғы 27 тамызда электр сүзгілерін жеткізу туралы шартқа қол қойылды («АСКИНТЕХ» ЖШҚ). Жабдықтарды жеткізу мерзімі - 2026 жылдың желтоқсанына дейін.

2025 жылғы 02 қыркүйекте турбина мен генераторды (Харбин Электрик Интернэшнл) дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды. Жабдықтарды жеткізу мерзімі - 2027 жылдың мамыр айына дейін.

2025 жылғы 26 қарашада ТЖМ («Красногвардейский машиностроительный завод» АҚ) дайындау және жеткізу туралы шартқа қол

қойылды. Жеткізу мерзімі - 2026 жылдың желтоқсанына дейін.

2025 жылғы 12 желтоқсанда балғалы диірмендерін дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды («ЗиО-Подольск» АҚ). Жеткізу мерзімі - 2027 жылдың қазанына дейін.

2026 жылғы 07 сәуірде ФСП («ТЭР-Инжиниринг» ЖШҚ) сүзгілерін дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды. Жеткізіп беру мерзімі - 2026 жылдың қазан айы.

2026 жылғы 20 сәуірде жоғары қысымды жылытқыштарды (ЖҚЖ) және деаэраторды («СУЗМК Энерго» АҚ) дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды. ЖҚЖ жеткізу мерзімі - 2027 жылғы шілде, деаэратор - 2027 жылғы сәуір.

2026 жылғы 02 маусымда ХСТ («JWT KZ» ЖШС) жабдықтарын дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды. Жеткізіп беру мерзімі - 2027 жылғы наурыз.

2026 жылғы 11 маусымда диірмендерді тығыздау үшін эрлифтке ауа жіберу айдағышын және турбокомпрессорларды («Красногвардейск машина жасау зауыты» АҚ) дайындау және жеткізу туралы шартқа қол қойылды.. Айдағышты жеткізу мерзімі - 2027 жылғы сәуір, турбокомпрессорды жеткізу мерзімі - 2026 жылғы желтоқсан.

Жоспар-кестенің 7-тармағы. Құрылыс-монтаждау жұмыстары (жоспарлы орындау мерзімі келген жоқ).

Дайындық жұмыстары (орындау сатысында).

Келесі жұмыстар орындалды:

- № 214 және № 215 теміржол эстакадаларын демонтаждау;
- Құрылыс қалашығының базасын ұйымдастыру;
- Аумақты қоршау;
- Бетон алаңдарын жайластыру;
- Бетон-ерітінді шаруашылығын іске қосу;
- ГКЖ құбырлары арқылы өту құрылғысы;
- СКР-2200ЭМ № 422 краны қалпына келтірілді;
- СКР-2200ЭМ № 422 кран жолдары қалпына келтірілді;
- Мұнаралық кран астындағы іргетастарды орнату.

Келесідей жұмыстар жүргізілуде:

- Турбиналық, қазандық және скруббер бөлімшесінің іргетастарының бетон жұмыстары.
- Бас корпусының, ӨТК ғимаратының және душ бөлмесінің металл конструкцияларын жасау және монтаждау бойынша жұмыстар орындалады.
- Құрылыс алаңындағы электр монтаждау жұмыстары.
- Су деңгейін төмендетуді ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта ЕРС-мердігер дайындық жұмыстарын белгіленген кестеден қалмай орындауды жалғастыруда. Күн сайын нысанда 250-300 жұмысшы мен 25-30 арнайы техника жұмыс істейді.

«№3 энергоблоқты іске қосу-реттеу жұмыстары» 8-тармағы және «№3 энергоблоқты пайдалануға беру» 9 -тармағы бойынша жоспарлы орындау

мерзімі басталған жоқ.


Жария тыңдауларға қатысушылардың ұсыныстары мен ескертулері: жария тыңдауларды ұйымдастырушының атына кезең ішінде ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жария тыңдауларға қатысушылар жиналысының қорытындылары бойынша ҰСЫНЫМДАР: Жария тыңдаулар «Өткізу ережелеріне» сәйкес өтті және өтті деп танылды. Келесі жария тыңдаулар Инвестициялық келісімнің жоспарына сәйкес 2026 жылғы 15 қазанда өтеді: «№ 3 ст. энергоблок орнату арқылы Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта жаңарту» жобасы бойынша 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 42, «№ 4 ст. энергоблок орнату арқылы Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту» жобасы бойынша 2026 жылғы 5 маусымдағы № 70.

Төрағалық етуші

 М.С. Шоканов





Хатшы

 Ж.Т. Урпекбаев

Регистрационный лист к публичным слушаниям по реализации инвестиционной программы модернизации, расширения, реконструкции и (или) обновления АО «Станция Экибастузская ГРЭС-2» на 2024-2038 годы по проекту «Расширение и реконструкция Экибастузской ГРЭС-2 с установкой энергоблока ст.№3».

Дата проведения слушаний – 15.07.2026 г.

Лист регистрации №1

№ п/п	Ф.И.О. участника публичных слушаний либо наименование организации	Категория участника (населенный пункт/наименование представляемой организации)	Подпись
1	Аубакиров Бахтияр Нуржанович	Заместитель Председателя Правления по инвестициям и развитию АО «СЭГРЭС-2»	
2	Шоканов Медет Серекбаевич	Руководитель ГУ «Отдел предпринимательства акимата города Экибастуз»	
3	Рахметов Руслан Аманжолович	Начальник управления по управлению проектами	
4	Буланбаев Максат Манарбекович	Начальник отдела по управлению проектами АО «СЭГРЭС-2»	
5	Урпекбаев Жаксыбек Толеуханович	Ведущий инженер отдела управления проектами АО «СЭГРЭС-2»	
4	Утешов Жаналы Ыдирисович	Главный специалист ГУ «Отдел предпринимательства акимата города Экибастуз»	
5	Турлыбеков Асфандияр Канатович	Аким поселка Солнечный	
6	Жакупова Ботагоз Батихановна	Руководитель отдела энергетики и энергоснабжения ГУ «Управление энергетики и жилищно- коммунального хозяйства Павлодарской области»	
7	Крыкбесов Махамбет	Руководитель отдела привлечения инвестиций управления индустриально-инновационного развития Павлодарской области	
8.	Спанов Рустамбек Уарысбекович	Совет Председателя Казахстанская электроэнергетическая ассоциация «Совет рынка»	